

**Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Қарауылтөбе ауылдық округінің
Қарауылтөбе ауылы "Экспедиция" бағымы аумағына шектеу іс-шараларын тоқтату
туралы**

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушысының 2018 жылғы 25 қазандағы № 12 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 30 қазанда № 5378 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңдарына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі "Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің Ақжайық аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық – санитариялық инспекторының 2018 жылғы 26 қыркүйектегі № 843 ұсынысы негізінде ауылдық округ әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақжайық ауданы Қарауылтөбе ауылдық округінің Қарауылтөбе ауылы "Экспедиция" бағымы аумағына ұсақ мүйізді қара мал арасында жұқпалы эпидидимит ауруы пайда болуына байланысты белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Ақжайық ауданы Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 28 маусымдағы №7 "Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Қарауылтөбе ауылдық округі Қарауылтөбе ауылы "Экспедиция" бағымы аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде №5271 тіркелген, 2018 жылдың 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

3. Қарауылтөбе ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Қ.С.Панғалиев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық аппарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің м.а.

Қ.Паңғалиев